



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
2007 жылғы 30 қазандағы  
№ 41 БАСПАСӨЗ - Р Е Л И З І**

**2007 жылғы 14 қараша – ескі үлгідегі  
банкноталардың айналыста қатар  
жүруінің соңғы күні**

2006 жылғы 15 қарашада жаңа үлгідегі банкноталар айналысқа шығарылды. Бір мезгілде ескі дизайндағы банкноталарды жаңа үлгідегі банкноталарға ауыстыру тәртібі белгіленді.

Банкноталарды ауыстыру қатар жүру кезеңі – 2006 жылғы 15 қарашадан бастап қоса алғанда 2007 жылғы 14 қарашаға дейін бір жыл бойы жүзеге асырылады. Осы кезеңде ескі үлгідегі барлық банкноталар заңды төлем құралы болып табылады және номиналы бойынша қабылдауға міндетті. Қоса алғанда 2007 жылғы 14 қарашаға дейін банкнотаны төлем құралы ретінде қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді. Егер бас тартылса, онда осындай іс-әрекеттер ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 166-1-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады. Филиалдарын қоса алғанда Ұлттық Банк мемлекеттік бюджеттің пайдасына 50 айлық көрсеткішке дейін айыппұл салуға уәкілетті.

Ескі үлгідегі банкноталарды (тұрғындарда қалып қойған) 2007 жылғы 14 қарашадан кейін барлық екінші деңгейдегі банктерде және Ұлттық Банктің барлық филиалдарында 2007 жылғы 15 қараша – 2008 жылғы 14 қараша аралығында тағы бір жыл бойы айырбастауға болады.

2008 жылғы 14 қарашадан кейін екінші деңгейдегі банктер заңды және жеке тұлғалардан ескі үлгідегі ақша белгілерін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне айырбастау үшін қабылдауға құқылы емес, бірақ ескі үлгідегі банкноталарды одан әрі Ұлттық Банктің филиалдарына кейіннен айырбастау үшін сараптамаға өткізу үшін қабылдайды.

Ұлттық Банктің филиалдары 2008 жылғы 15 қарашадан бастап 10 жыл бойы заңды және жеке тұлғалардан ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдайтын болады және олардың түпнұсқалылығы сараптау арқылы анықталғаннан кейін қолданылып жүрген ақша белгілеріне айырбастайды.

Ескі үлгідегі ақша белгілерін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне айырбастаудан бас тарту фактілері туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне мына телефондар арқылы +7 (727) 2704 525 және +7 (727) 2704 909, сондай-ақ облыстық филиалдарға хабарласуды сұраймыз.